*Өнер алды – қызыл тіл!*

# ЕЛУ.KZ

**Қарағанды қаласы №50 НОМ мектеп газеті * қазан 2014 жыл, №1**
**Школьная газета ОСШ №50 города Караганды * октябрь 2014 год, №1**

## Жастай берген тәрбие – жас шыбықты игендей!

«Өркениет біткеннің өзегі – өрелі білімде» - деседі білетін жұрт. Бүкілдүниежүзілік қоғамдық дамудың көшінде аты озған елдердің барлығы байыпты білім мен ғылымға ежелден ден қойған. Өскелең ұрпағының ілім-біліммен қалыпты сусындап өсуіне көптеп көп көңіл бөлген. Білімнің бастау көзі – мектептерге, оның қозғаушы күші – мұғалімдердің жұмысына, бет-беделіне айрықша маңыз берген.

Қазіргі білім беру жүйесінің мақсаты – бәсекеге қабілетті маман дайындау. Еліміз егемендік алып, тәуелсіз даму жолына түскелі бергі тағдырлы жылдар барысында, қоғамымыздың барша буындары сияқты, білім беру саласы да бірқатар күрделі, құрылымдық өзгерістерді бастан кешірді. Оқу-тәрбиенің мән-маңызына ұлттық ұлы мұраттар тұрғысынан баға беріліп, мазмұны да соған сай жаңғыртылып, жаңартылды. Қашаннан қағажу көріп, қалтарыста қалдырылып келген көптеген тақырыптар күн тәртібіне батыл қойылып, алдыңғы қатарға шығарылды. Еліміз көлеміндегі барлық деңгейдегі оқу орындарының алдына білімді, білікті, бәсекеге қабілетті педагог мамандар дайындау міндеттері қойылды. Ошақтың үш бұтындай: «Отбасы – Мектеп – Мұғалім» қағидасы, бірлігі бір буын болса, ендігі жерде оқу сатыларының арасындағы сабақтастық, байланысқа да ерекше мән берілуде.

Қазақтың ұлы ақыны, ағартушысы Мағжан Жұмабаев: «Бала тәрбиесі – бір өнер, өнер болғанда ауыр өнер жеке бір ғылым иесі болуды тілейтін өнер. Баланы дұрыс тәрбиелеу үшін әркімнің өз тәжірибесі жетіспейді. Басқа адамдардың тәжірибесімен танысу керек» - деген екен. Барша адамның арманы – балаларының тәрбиелі, білімді болып өсуі, бала тәрбиесі қыры мен сыры жан-жақты зерттеліп жатса да, біздің қоғамымыздағы шешуін таппаған мәселелердің бірі. Осы мәселеге теңізге тамған тамшыдай болсын септігі тиеді деген оймен мектепішілік газет ашуды жөн көрдік. Ертеректе мектептерде қабырға газеттері, бюллетеньдер шығып тұрғаны белгілі. Сол үрдіспен газет бетінде мектеп жаңалықтары, оқу-тәрбие жұмысы барысында атқарылып жатқан жұмыстар, сондай-ақ оқушылардың балауса шығармашылығы жарық көріп тұрмақшы. Ол өз кезегінде оқушылардың ой өрісін кеңейтіп, қызығушылығын тудыруға тиіс. Іс-шараға ұстаздар қауымы, ата-аналар, ең бастысы – оқушылар ықылас танытып, үлестерін қосады деп сенеміз.

## О спорт, ты жизнь!

В современном Казахстане большое внимание уделяется здоровому образу жизни: проводятся различные спортивные мероприятия, открываются спортивные школы, в школах проводятся классные часы и беседы. Результатом этого стало то, что сегодня многие молодые люди отказываются от курения, принятия алкоголя и употребления наркотиков.

Многие ученики нашей школы занимаются спортом профессионально. Так, например, ученица 8а класса Винтерголер Татьяна и ученик 7 б класса Жданов Дмитрий достигли хороших результатов в лыжном спорте; Братья Даниил и Николай Власовы, ученики 8 б класса, долгое время занимаются хоккеем; ученица 3а класса Ращупкина Валерия занимается художественной гимнастикой, а ученик 3а класса Бачалов Вячеслав увлекся тяжелой атлетикой. Ребята, вы молодцы, так держать! В следующих номерах нашей газеты мы поподробнее расскажем об этих ребятах.

6 сентября в парке нашего района прошел День здоровья, в котором приняли участие учащиеся школ № 50, 11, 60. А вот сам праздник проводили специальные гости – вожатые детского оздоровительного лагеря «Салют». День здоровья начался с поздравительного слова работника ГорОО города Караганды, затем прошел флешмоб, который никого не оставил равнодушным. Далее прошел забег, спортивная эстафета «Папа, мама, я – спортивная семья», соревнования по гиревому спорту, в котором приняли участие не только ученики, но и учителя и родители. А в конце дня все отправились на многофункциональный корт школы № 50, где состоялись футбольные матчи между школами. Подытожив, можно смело сказать: «Праздник удался!»

**Антон РУСИН,**
**ученик 8а класса**



**Мектеп өмірі**

## «ҮКІЛІ КӘМШАТ» БАЙҚАУЫ

**Жақында №50 негізгі орта мектебінде «Қазақ тілі мен әдебиеті пәні» апталығы аясында, «Үкілі кәмшат» атты орыс сыныптары үшін қазақ тілінің үздігі байқауы жоғары дәрежеде өтті.**

Байқауға 7-9 сынып оқушылары қатысты. Байқау 5 кезеңнен тұрды: «Сәлем – сөздің анасы», «Өз өнері – сөз өнері», «Үкілі оймақтар» – қағаздан қазақ оюын ою, «Өнер алды – қызыл тіл» – қарапайым ауызекі сөйлеу тілінде блиц-сұрақтарға жауап беру, «Сиқырлы ұяшықтар» – танымдық-бейнелі сұрақтар. Сайыс қорытындысы бойынша «Үкілі кәмшат» иегері атағын және І орын жүлдесін 8-сынып оқушысы Пуль Евгения, ІІ орынды 8-сынып оқушысы Мякинина Валерия, ІІІ орынды 7-сынып оқушысы Оноприенко иеленді.

**Айғаным МӘУЛЕНОВА,**
**9-сынып оқушысы**




**Оқушылар шығармашылығы**

### АСТАНА

*Астана – елдің тілегі,*
*Барша халық мақтанатын.*
*Астана – жердің жүрегі,*
*Тарихы мәңгі сақталатын.*

*Астана – әсем қала,*
*Шығыстың аруындай.*
*Нұрсұлтан – көсем, дана,*
*Хас батыр қаруындай.*

*Астана – ерліктің жеңісі,*
*Өркенді істердің өрісі.*
*Астана – елдіктің жемісі,*
*Ынтымақ,*
*бірліктің қонысы.*

**Виктория ВЕЧКАНОВА,**
**5-сынып оқушысы**

### БАС ҚАЛА

*Ерке Есіл жағасында*
*Бой көтерген бас қалам.*
*Бақыт, байлық –*
*бәрі осында*
*Мақтанышым – Астанам!*

### ЕЛБАСЫ

*Елбасымыз жолдайды,*
*Халқы оны қолдайды.*
*Ешқашанда орынсыз,*
*Шешімдері болмайды.*

*Елбасы елді қорғайды,*
*Халық қамын ойлайды.*
*Осындай жақсы адамның,*
*Жақсылығы тарайды.*

**Денис ВИТУЩЕНКО,**
**6-сынып оқушысы**

## На пути к мечте

3 октября 2014 года в нашей школе прошел День самоуправления, приуроченный к празднованию Дня учителя. Я мечтаю стать учителем, и второй год подряд мне предоставляется эта возможность. В этом году я вела уроки русского языка в 5а, 8а, 8б классах.

Так как 8а класс- это мой родной класс, то там мне вести урок было легко. То же самое могу сказать и о 5 классе, ведь здесь учатся маленькие дети, которые привыкли слушать учителя, выполнять все просьбы. А вот проведя урок русского языка в 8б классе, я узнала все «прелести» профессии. Мальчики смеялись, громко разговаривали и употребляли нелитературные слова, одним словом, отнеслись ко мне несерьезно. В конце своего «рабочего дня» я сделала вывод, что чем меньше дети, тем они послушней и воспитаннее.

Мне очень понравилось быть «учителем». Хотя и не все ребята отнеслись ко мне серьезно и уважительно, моя мечта остается в силе.

**Екатерина РОЗУМ,**
**ученица 8а класса**



# Всем учителям посвящается...

Учитель! На первый взгляд, что в этом слове такого особенного? Но ведь именно это слово сопровождает нас с детства до позднего отрочества, всплывая на протяжении всей последующей жизни яркими воспоминаниями.

Учитель! Прекрасное слово! О, как же хочется вернуть свою первую учительницу! Она ведь самая красивая, самая справедливая, самая лучшая. Самые светлые воспоминания о ней. Я вот, к примеру, просто мечтаю попасть снова в первый класс, в ту атмосферу тепла и уюта, несравнимого даже с родным домом. Прошло столько лет, а меня так тянет в то безоблачное время. Это было время счастья, беззаботности, непоколебимой веры во всё самое чистое, справедливое. Кто же со мной не согласится?

Зачастую мы не уважаем учителей, хамим, показываем свой характер, думая, что этим повысим свой авторитет, добьёмся расположения сверстников, но это лишь глупая игра, «самоутверждение» своего «Я». Как же мы заблуждаемся! Напротив, раскрытие своего потенциала наряду с уважением к окружающим людям является залогом большого успеха в достижении своих целей.

Кто такой учитель? Прежде всего, это человек, дающий нам знания. Это учителя нашей школы. Но самые первые наши учителя – это родители. Они дают нам знания с самого нашего рождения: учат ходить, говорить, читать, считать и писать, вести себя в обществе, уважать и ценить людей. Но первый шаг в серьёзную жизнь мы делаем в начальной школе, в этом нам помогает наш первый учитель.

К сожалению, некоторые люди совершенно забывают тех, кто дал им первые, но такие важные знания. Даже забывают имена. Мы не можем видеться со своей первой учительницей каждый день, но мы всегда помним о ней и всей душой благодарим за то, что она для нас сделала.

Профессия учителя является одной из самых сложных в наши дни, и при этом далеко не всегда оценивается по достоинству. Все мы прекрасно знаем о том, что у учителей не такая уж и высокая заработная плата, что немногие решают стать учителем и посвятить себя детям сейчас. Но, к счастью, есть и те, кого не пугают условия работы. Быть учителем – очень ответственная задача. Ведь именно от него мы получаем знания, которыми пользуемся в дальнейшем. И знания эти должны быть полезными. Мне кажется, что каждый преподаватель хочет, чтобы именно его ученик добился больших успехов в изучении его предмета, во взрослой жизни превзошёл своего учителя. Это будет лучшим подарком, и это будет означать, что учитель сумел научить всему, что умеет сам.

Часто ученики не стремятся получить ценные знания: прогуливают уроки, не выполняют домашние задания, грубят учителям и вытворяют совершенно невыносимые вещи, не понимая, что они теряют, сколько боли порой причиняют преподавателю. А им ведь в свою очередь нужно терпеть, понимать и пытаться что-то исправить с помощью только одного своего средства – слова. Это удаётся далеко не всем и не всегда. Ведь так сложно порой сдержаться! Как же трудно любить всех: послушных и не очень (мягко говоря), схватывающих всё на лету и не желающих понять элементарное.

В нашей жизни было и будет ещё много учителей. Мы сталкивались и с хорошими, и с плохими. Но в каждом из них были свои плюсы. Так же учитель должен оценивать и любить всех своих учеников, не забывать никого. По-моему, непедагогично показывать любовь и симпатию только любимчикам.

Мы никогда не забудем своих учителей, открывших нам дорогу во взрослую жизнь. В преддверие праздника Дня учителя хотелось пожелать не только традиционное - «терпения». Хочется от всей души пожелать большого счастья в семье, красоты, ярких впечатлений, радости в жизни. Как хочется видеть входящего в класс учителя улыбающимся, в хорошем расположении духа. Мы говорим всем учителям: «Большое спасибо за то, что вы есть!»

**Наина РЕПИНА,**
**юнкор**

**Оқушылар шығармашылығы**

## Ұстаздарға

*Ұстаздардың жүрегі*
*кең неткен,*
*Сабырлықпен күн сайын,*
*Бүлдіршінге білім*
*нәрін сепкен.*
*Әдеппенен өнерді де,*
*Халқымыздың дәстүрінде,*
*Бойымызға сіңдіре білген.*
*Шалыс бассақ,*
*Кей уақытта балалықпен,*
*Түзу жолды,*
*Тәрбиені анамыздай*
*сілтеген.*

**Айсымбат БАҚЫТБЕК,**
**9 «ә» сынып оқушысы**

## Атама арнау

*Болғаныменен қарапайым,*
*Атам – ақылдың дариясы.*
*Жылу төгер жанға дәйім,*
*Қазақтың көнекөз қариясы.*
*Сөздері оның қайратты,*
*Қаныма рух беретін.*
*Жай сөзі оның баталы,*
*Жақсылық нұрын себетін.*

**Шерхан КАМАРДАН,**
**9 «ә» сынып оқушысы**

## Көз тимесін

Күз. Алғашқы қоңыраудың шаттықты жиынынан кейін, аяңдап үйге келе жатқанмын. Жаз бойы көрмеген ардақты да сүйікті ұстаздарыммен, сыныптастарыммен, құрбыларыммен кездескендіктен, көңілім шалқып, ерекше сезімде келемін. Аяғымның асты жасыл шөппен араласқан, ағаштардың бұтағынан үзіліп түскен алтын тәрізді жапырықтар. Мен осындай сезімге толы күндердің ұзақ та еш үзілмес болғанын іштей тілеп келемін. Кенет менің көз жанарым жолыма кес-кестеп ұшқан көбелекке түсті. Көбелек менің бұрынырақта көріп жүрген көбелектеріме еш ұқсамайды. Бұл көбелекті алғаш көргенде көкейіме келген сөз «көз тимесін» болды.

Иә, иә, нағыз кәдімгі түйреуішке ілетін көз тимесін моншағындай!

Табиғат та шебер ғой! Ақ көбелек, сары көбелек, неше түрлі көбелектер толып жатыр. Ал мынадай көбелекті бірінші кездестіруім. Көбелекті тек қалтамдағы ұялы телефоныма ғана түсіріп алып үлгердім. Өкінішім – аялы алақаныма ала алмағаным...

**Айсымбат БАҚЫТБЕК,**
**9 «ә» сынып оқушысы**

## «Балаға мейірім сыйла»

№50 негізгі орта мектебінде республикалық «Мектепке жол» акциясы аясында «Балаға мейірім сыйла» қайырымдылық іс-шарасы ұйымдастырылды. Акцияға облыстық туберкулезге қарсы күрес диспансерінің ұжымы белсене қатысты. Медициналық ұжым мектепте білім алатын аз қамтылған, көпбалалы отбасылардың 15 баласына оқуға қажетті құралдарын табыс етіп, қуанышқа бөледі. Жаңа оқу жылының қарсаңында балаларға жасалған қомқорлық үшін диспансер ұжымына және туберкулезге қарсы күрес диспансерінің басшысы Бидайбаев Ноян Шайғабасұлына алғыс хат табыс етілді.



## «Дари добро детям»

В основной средней школе №50 врамках республиканской акции «Дорога в школу» под девизом «Дари добро детям» было организовано благотворительное мероприятие. В благотворительной акции активное участие принял коллектив областного противотуберкулезного диспансера. Коллектив оказал помощь в виде канцелярских товаров 15 учащимся из малообеспеченных и многодетных семей. За помощь в подготовке к новому учебному году учащихся из малообеспеченных семей коллективу диспансера и лично руководителю областного противотуберкулезного диспансера Бидайбаеву Ноян Шайгабасовичу было вручено благодарственное письмо.

## Фото месяца

Уважаемые читатели газеты 50kz! Представляем вашему вниманию ежемесячную рубрику «Фото месяца». В каждой газете мы будем помещать одно или несколько фото, которое по мнению наших читателей является самым креативным, веселым и позитивным. Если у вас есть необычные и интересные фотографии, приносите их нашим юнкорам (учащимся 9 классов), они проведут опрос среди учащихся, родителей и работников нашей школы, и самое лучшее фото и его автор станут знаменитыми.

А теперь представляем вашему вниманию фото октября. Там-тада-дам!!! Данное фото было сделано во время проведения Дня здоровья, а вот его автор пожелал остаться неизвестным. В очередной раз наши учителя доказали, что они не только умные и красивые, но и спортивные!

**Акбота ЖОЛЫМБЕТОВА,**
**юнкор**




* Қарағанды қалалық білім бөлімі * №50 негізгі орта мектеп *
Біздің мекен-жай:
Қарағанды қ., Санаторная к., 22А
Тел.: 8 (7212) 41-75-85, 8 (7212) 41-80-15
E-mail: sch50@kargoo.kz
Редактор Қарлығаш ИБРАЕВА
Жауапты хатшы Н.В. ВЕЧКАНОВА
Компьютерде беттеген А. МӘУЛЕНОВА